

«Жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру»

Қызметті көрсететін Мемлекеттік орган	Ақтөбе қаласының ауыл шаруашылық және ветеринария бөлімі; ХҚКО; www.egov.kz, www.elicense.kz «электрондық үкімет» веб-порталы
Қызметтің тұтынушылары	жеке тұлғаларға
Мемлекеттік қызметтің көрсетілетін формасы	электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде
Қызметтің көрсетілетін тәртібі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 3-2/378 бұйрығына сәйкес
Қажетті құжаттар	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіге және ХҚО-ға: жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі); осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) порталға: осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш.</p> <p>Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді ХҚО-ның қызметкері, көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзы арқылы алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.</p> <p>Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.</p> <p>Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салуды қабылдау мәртебесі көрсетіледі.</p>

	<p>10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында қарастырылған тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда ХҚО-ның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p>
Қызмет көрсетілуінің нәтижесі	<p>осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама.</p>